

Ф-ББ-001/008

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

2022-2023 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№9 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

02 мамыр 2023 жыл

Сағат – 14:00

Сейсенбі

Сенат залы

Қатысқандар: Сенат мүшелері

Күн тәртібінде:

3. Әртүрлі мәселелер:

3.1. Университет ОПК-ның дайындаған оқулық, оқу құралы, мен монографияларын бекіту және баспаға ұсыну туралы *(Баяндамашы: Сенат хатшысы А.Куралбаева)*

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.1.7. Спорт және өнер факультеті, «Бейнелеу өнері» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Е.Ауелбековтың «Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін интеграциялап (кіріктіріп) оқытуда оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру» атты монографиясы *(Монография автордың өз қаражаты есебінен жарияланады)* баспаға ұсынылсын.

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Куралбаева

А.Куралбаева



АУЕЛБЕКОВ ЕРЖАН БУРАХАНҰЛЫ

**Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін
интеграциялап (кіріктіріп) оқытуда
оқушылардың дүниетанымын
қалыптастыру**



Түркістан - 2023

АУЕЛБЕКОВ ЕРЖАН БУРАХАНҰЛЫ

**Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін
интеграциялап (кіріктіріп) оқытуда
оқушылардың дүниетанымын
қалыптастыру**

Түркістан - 2023

ӨОЖ 373(072)
КБЖ 74.268.51
А91

Монография Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенат кеңесінде талқыланып, баспаға шығаруға ұсынылған /хаттама №9, 02.05.2023/.

Пікір жазғандар:

М.Ж.Тәңірбергенов – педагогика ғылымдарының докторы, М.Өуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры
І.С.Сманов - педагогика ғылымдарының докторы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры
Қ.Е.Ералин – педагогика ғылымдарының докторы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры

А91

Ауелбеков Е.Б.

Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін интеграциялап (кіріктіріп) оқытуда оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру.
Монография. -Түркістан: А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2023. -132 б.

ISBN 978-601-243-653-2

Монографияда бастауыш мектепте бейнелеу өнерін кіріктіріп оқытуда оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін, дүниетанымын қалыптастыру жұмыстарының теориялық және әдістемелік негіздері қарастырылған. Қамтылған зерттеу материалдары бейнелеу өнерін интеграциялап (кіріктіріп) оқытудың мазмұны, оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру әдістемесінің мән-мағынасы мен міндеттері туралы түсініктер бере отырып, бейнелеу өнерін оқытудағы пәндер интеграциясының өзіндік заңдылықтары мен ерекшеліктерін игеруге бағытталған.

Монография бейнелеу өнері және сызу, көркем еңбек және графикалық жобалау, сол сияқты бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламалары бойынша дәріс алып жүрген болашақ педагогтарға, осы сала бойынша педагогикалық қызмет атқарып жүрген әдіскерлерге және жалпы ұстаздар қауымына арналған.

ӨОЖ 373(072)
КБЖ 74.268.51

© Ауелбеков Е.Б.

© Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2023

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
 1 БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН ИНТЕГРАЦИЯЛАП ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
1.1 Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін интеграциялап оқытуда оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың теориялық негізі.....	7
1.2 Бейнелеу өнерін интеграциялап оқытуда оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру ерекшеліктері.....	17
1.3 Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін кіріктіріп оқытуда оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі.....	42
 2 БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН КІРІКТІРІП ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ	
2.1 Бастауыш мектеп оқушыларының бейнелеу өнерін кіріктіріп оқытуда дүниетанымын қалыптастыру мазмұны.....	67
2.2 Бейнелеу өнерін оқытуда пәндер интеграциясы арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың әдістері.....	78
2.3 Тәжірибелік-зерттеу жұмыстарының қорытынды нәтижесін шығару, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру.....	100
 ҚОРЫТЫНДЫ.....	110
 ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	112
 ҚОСЫМШАЛАР.....	119

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Спорт және өнер факультеті, Бейнелеу өнері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Е.Б.Ауелбековтің «Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін интеграциялап (кіріктіріп) оқытуда оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру» тақырыбында жазылған монографиясына

ПІКІР

Елімізде жалпы бастауыш білім беруді дамытудың, бастауыш мектеп оқушыларының танымын, олардың болашақта қалыптасатын тұлғалық қасиеттерін оқыту мен тәрбиелеу үдерісіндегі тиімді, инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы арттыру мәселелері әрдайым көкейкесті зерттеу тақырыптарына жататындығы белгілі. Бастауыш мектеп оқушыларының өзіндік даму ерекшеліктеріне сәйкес, олардың барлық танымдық іс-әрекеттерінің өрістеуі, оқуға қызығушылықтары мен білімдік сапасының артуы бастауыш сынып мұғалімдерінің ұстаздық шеберліктеріне, оқытуда қолданылатын ұтымды әдістемелік жұмыстарына тікелей байланысты болады. Соған сәйкес, бастауыш мектептің оқыту-тәрбиелеу жүйесінде оқушылардың дүниетанымын қалыптастырып, білім сапасын арттыруда жоғары нәтижелер беретін тиімді әдіс-тәсілдерді, озық технологияларды кеңінен қолданудың маңызы зор.

Бейнелеу өнері кафедрасының қауымдастырылған профессоры Е.Б.Ауелбековтің монографиялық зерттеу жұмысы бастауыш мектептегі оқыту-тәрбиелеу барысында оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру мәселесін бейнелеу өнерін интеграциялап оқытуда, пәнаралық байланыста шешу жолдарына бағытталған. Зерттеу жұмысында қарастырылып отырған тақырыптың өзіндік тың ізденістер арқылы нәтижелілігі анықталып көрсетілген. Яғни, бейнелеу өнерін кіріктіріп оқытуда бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың теориялық, практикалық негіздері жан-жақты зерттеліп, оның тиімді әдістемесі анықталған. Әсіресе бейнелеу өнерін кіріктіріп оқытудың жылдық иллюстрациялық жоспарының жемісті болу деректері бастауыш мектепте бейнелеу өнерін интеграциялап оқытудың өзіндік ерекшеліктерін, оның маңыздылығын анықтай түскен. Монографияда зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми болжамдары айқындалып, зерттеу мазмұны ғылыми ізденістер негізінде көрсетіліп ашылған. Бейнелеу өнерін интеграциялап оқыту арқылы бастауыш мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың құрылымдық моделі жасалып, соның негізінде бейнелеу өнерін оқытуда пәндер интеграциясы материалдарын ұтымды қолданудың бағдарламасы мен тиімді әдістері көрсетіліп, зерттеу болжамының дұрыстығы дәлелденген. Монографиялық жұмыста зерттеу тақырыбына қатысты отандық ғалымдармен қатар, көптеген шетелдік ғалымдардың зерттеулері дәйекті түрде пайдаланылған. Зерттеу барысындағы алдыға қойылған зерттеу міндеттері толықтай орындалып, олардың нәтижелік көрсеткіштері автордың өзіндік талдау, қорытындыларымен, тұжырымдарымен сарапталынған.

Бейнелеу өнерін бастауыш мектепте оқытудың өзіндік ерекшеліктеріне сүйене отырып, пәнді интеграциялап оқытудың балалардың танымдық жүйсіндегі дамытушылық ролі зерттеудің қорытындылаымен, тұжырымдарымен дәлелденген.

Монографияның қолжазбасы ғылыми еңбектерді, монографияны рәсімдеу талаптары мен ережелеріне сәйкес және дербес орындалып жазылған. Сондықтан педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Е.Б.Ауелбековтің «Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін интеграциялап (кіріктіріп) оқытуда оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру» атты монографиясын жариялауға болады деп есептеймін.

**Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік
педагогикалық университеті,
п.ғ.д., профессор**



І.С.Сманов

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Спорт және өнер факультеті, Бейнелеу өнері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Е.Б.Ауелбековтің «Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін интеграциялап (кіріктіріп) оқытуда оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру» атты монографиясына

ПІКІР

Қазіргі таңда келешек ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру барысында бастауыш мектепте білім берудің барлық берілетін білімнің іргетасы болып табылатындықтан, бастауыш мектеп оқушыларының танымдық әлеуетін кеңітіп, оқу-танымдық іс-әрекеттерін дамыту, олардың бастапқы дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Сондықтан бастауыш мектеп оқушыларының дүниетанымдық сферасын арттыруда әртүрлі позитивті факторлардың тигізер ықпалын, өзіндік ерекшеліктерін зерттеу қазіргі бастауыш білім беру саласындағы өзекті мәселелерді шешудің бірден-бір жолы болып табылады.

Бейнелеу өнері кафедрасының қауымдастырылған профессоры Е.Б.Ауелбековтің монографиялық зерттеу жұмысы бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың дүниетанымын бейнелеу өнерін кіріктіріп оқыту арқылы қалыптастырудың теориясы мен практикасын негіздеумен, оның тиімді жолдары мен ұтымды әдістемесін анықтаумен ерекшеленеді. Монография жұмысында зерттеу тақырыбының мазмұны толық ашылып, бейнелеу өнерін интеграциялап оқыту негізінде бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың педагогикалық шарттары, ерекшеліктері жан-жақты зерттеліп, зерттеу мәселесін шешуге бағытталған құрылымдық моделі, бастауыш мектеп оқушыларының бейнелеу өнерін кіріктіріп оқытуда дүниетанымын қалыптастырудың мазмұны, орындау бағдарламасы және тиімді әдістері көрсетілген. Зерттеу болжамының расталуы негізінде бастауыш мектепте бейнелеу өнерін кіріктіріп оқытудың оқушылар дүниетанымын қалыптастыруға оң әсері мен оның тиімділігі ғылыми түрде дәлелденген.

Зерттеу жұмысының барысында көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, ғылыми ізденіс материалдарындағы ой-пікірлер, идеялар талданған және өзіндік ғылыми тұжырымдармен сарапталынып қорытындыланған.

Монография мазмұнын айқындауда бастауыш мектепте бейнелеу өнерін кіріктіріп оқыту арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың мақсаты, міндеттері толықтай орындалған. Монографияның қолжазбасы ғылыми еңбектерді, монографияны рәсімдеу талаптары мен ережелеріне сай орындалып жазылған. Сондықтан педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Е.Б.Ауелбековтің «Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін интеграциялап (кіріктіріп) оқытуда оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру» атты монографиясын жариялауға толық болады деп пікір білдіремін.

**Шымкент қаласы,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы**



М.Ж.Тәңірбергенов

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Спорт және өнер факультеті, Бейнелеу өнері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Е.Б.Ауелбековтің «Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін интеграциялап (кіріктіріп) оқытуда оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру» тақырыбында жазылған монографиясына

ПІКІР

Қазіргі қоғамымыздағы күрделі өзгерістер еліміздегі білім беру саласындағы жас ұрпақ тәрбиесі мен білімін арттыруға бағытталған қордалы мәселелерді шешуді талап етеді. Соған сәйкес, жалпы орта білім беру, оның ішінде жалпы бастауыш білім беруді дамыту бағдарламаларының, тұжырымдамаларының негізінде бастауыш мектеп оқушыларының оқу-танымдық жүйесін дамытудың орны бөлек. Әсіресе бастауыш мектеп оқушыларының бастапқы дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыруда әртүрлі ғылымдар негіздерін тануда пәндер интеграциясының, оларды кіріктіріп оқытудың балалардың білім сапасын арттыруға қосатын сүбелі үлесін анықтауда ғылыми зерттеулер жүргізудің маңызы әрдайым жоғары болып табылады. Бастауыш мектеп оқушыларына эстетикалық тәрбие мен көркемдік білім беруде өзіндік үлкен үлесі бар бейнелеу өнерінің оқыту-тәрбиелеу үдерісінің нәтижелі болуына тигізер он ықпалдарын зерттеудің көкейкестілігі арта түсуде. Сондықтан бастауыш мектепте бейнелеу өнерін оқытуда оқушылардың білім сапасын арттыра отырып, олардың дүниетанымын қалыптастыру мәселесінің өзектілігі айқын көрінеді.

Бейнелеу өнері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к. Е.Б.Ауелбековтің монографиясы бастауыш мектепте жүргізілетін оқыту-тәрбиелеу үдерісіндегі бейнелеу өнерін кіріктіріп оқытуда оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру мәселесіне арналған. Автор зерттеу жұмысында бастауыш сыныптарда бейнелеу өнерін кіріктіріп оқыту барысында оқушылардың танымын арттырудың, дүниетанымын қалыптастырудың теориялық, практикалық негіздерін анықтаған. Зерттеу мәселесін шешу зерттеу тақырыбының өзектілігін, зерттеу мазмұнын ғылыми ізденістер негізінде айқындау, бейнелеу өнерін интеграциялап оқыту арқылы бастауыш мектеп оқушыларының дүниетанымын қалыптастырудың ерекшеліктерін талдау жұмыстарымен көрсетілген. Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін интеграциялап оқытуда оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың құрылымдық моделі, бейнелеу өнерін оқытуда пәндер интеграциясы материалдарын қолдану бағдарламасы арқылы жүргізіліп, оны жүзеге асырудың тиімді әдістері көрсетілген. Монографиялық жұмыста отандық, шетелдік ғалымдар еңбектері жеткілікті дәрежеде және сапалы қолданылған. Бейнелеу өнерін кіріктіріп оқыту арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру мәселесін зерттеу қорытындылары шығарылып, ғылыми болжамдардың тиімділігі дәлелденген. Монография өз мақсатына жеткен, зерттеу міндеттері орындалған, әдістемелік жұмыстары қордаланған дербес зерттеу жұмысы болып табылады.

Қорыта келгенде, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Е.Б.Ауелбековтің «Бастауыш мектепте бейнелеу өнерін интеграциялап (кіріктіріп) оқытуда оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру» атты монографиясының қолжазбасы ғылыми еңбектерді, монографияны рәсімдеу талаптары мен ережелеріне сәйкес келеді. Бейнелеу өнерін оқытудың дамытушылық

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы



Қолын
РАСТАЙМЫ Қ.Е.Ералин
ресурстарын басқару
бөлімі